

# АЛАТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№5(15) 2 ақпан 2024 жыл

Есімі ел жадында жаңғырды

## ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАНЫ ҚАЙТА ТАҢУ



Баршамызға белгілі болғандай көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтың туғанына 80 жыл толуына байланысты ет жақындары марқұмның рухына арнап 2024 жылдың 14 қаңтарында Алматы қаласында ас берген еді. Рухы биік, шындықты шырылдатып айтатын дара тұлға Заманбек Қалабайұлын еске алу іс-шарасына марқұмның көзін көргендер, түрлі саяси партиялар мен қозғалыстардың өкілдері, жазушылар, қоғам қайраткерлері және белсенділер қатысты. Еске алу жиынына қатысқандар Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтың Қазақстанның дамуы мен елдің көркеюіне қосқан зор үлесі, Алматы қаласы мен Алматы облысын басқарып тұрғанда ауқымды шараларды батыл жүзеге асырғандығы, көзсіз ерлігі мен мәрттігі, қарапайым адами қасиеттері жайында ой бөлісті.

Марқұм Заманбек Қалабайұлын еске алу шарасының ең маңыздылығы - Қазақстан Республикасы Президентінің Баспасөз хатшысы Берік Уәлиевтың асқа арнайы қатысуы болды. Бұл аста Берік Уәли мұраға сөз алып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Парламент Сенатының төрағасы Мәулен Әшімбаевтың, Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошановтың арнайы хатын оқып берді. Қазақстан Республикасының Президенті өз хатында Заманбек Нұрқаділовтың еңбегіне лайықты бағасын беріпті. Биыл

белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділовтың туғанына 80 жыл толды.

Тәуелсіз Қазақстан тарихында ел мүддесі үшін аянбай еңбек еткен азаматтар аз емес. Заманбек Қалабайұлы-осындай тұғырлы тұлғалардың бірі. Ол егемендіктің алғашқы кезеңінде көптеген жауапты қызметті абыроймен атқарды. Мемлекетімізді нығайтуға айрықша атсалысып, өңірлерді өркендетуге зор үлес қосқаны даусыз.

Ұлт перзентінің есімін ел жадында жаңғыртып, еңбегіне лайықты баға беру-ұрпақ пары-

зы. Осы орайда Зәкеннің туған жері - Кеген ауданында оған ескерткіш орнату және Алматыдағы тұрған үйінде ескерткіш-тақта ашу қажет деп санаймын.

«Тарих-таразы» деп бекер айтылмаған. Халқымыздың кесек тұлғалы азаматының елге сіңірген еңбегі ешқашан ұмытылмайды, - деген Қасым-Жомарт Тоқаев хатында.

Осыған орай біз Заманбек Қалабайұлының жақын туысы, нақтырақ айтқанда жиен қарындасының жолдасы, «ВТК goor» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, «Құрмет» орденінің иегері, Алматы облысының Құрметті азаматы Тоқан Көкенұлы Ботабековке жолыққан едік. Тоқан Көкенұлы өз сөзінде былай делі:

- Елім деп еңіреп, Қазақстанның болашағына алаңдаушылық білдіріп, өмірінің соңғы жылдарын әділдік үшін күреспен өткізген арыстандай айбатты Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтың есімінің ақталғандығын 19 жыл күткен едік. Зәкеннің өлімін «ол өзін өзі үш рет атты» жылы жауып қоя салғандығы қаншама жылдар бойы біздің жанымызды ауыртыпты. Іштей қайғырдық, киналдық, бірақ ешқайсымыз жүйеге қарсы тұра алмадық. «Аққа құдай жақ» дегендей араға 19 жыл салып барып, Зәкенді ұлықтау шаралары қолға алына бастады. Күні кеше ғана жұбайым Ләззат екеуміз Кеген ауданының әкімі Нұрбақы Молдахметұлы Теңізбаевтың ұйымдастыруымен ел ағалары, ақсақалдар мен қоғам қайраткерлері, сондай-ақ Зәкеннің ұлы Қайрат жиендері, нағашы жұрты қатысқан отырыстың ортасында болдық. Бұл шараға Алматы облыстық мәслихатының хатшысы Талғат Ескендірұлы Баеиділов қатысып, сөз сөйлеп, облыстық ономастика комитесиясының күн тәртібінде осы мәселенің қаралғандығын айтып өтті. «Жақсылықтың ерте-кеші» жоқ дегендей кеш болса да Заманбек Нұрқаділовтың ақталуы әрбір қазақстандық үшін үлкен қуаныш. ҚР Президентінің тапсырмасы бойынша Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтың ескерткіші Кеген ауданындағы балалар өнер мектебінің алдына қойылатын болды. Ең бастысы Зәкенді ұлықтау, оның есімін қайта жаңғырту жолындағы алғашқы қадам жасалды. Осы орайда Зәкеннің туыстары атынан Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа шынайы ризашылық білдіріп, үлкен алғыс айтқым келеді.

Заманбек Қалабайұлы тек мықты саясаткер ғана емес, әдебиетке, өнерге жақын жан болғандығын көпшілігіміз білеміз. Заманбек ағамыз шығыс әдебиетіне ден қойып, аудармашылықпен айналысқан. Оның әдебиет саласындағы шұрайлы еңбегі жайлы танымал публицист-жазушы Жакыпжан Нұрқожаевтың Жетісу облыстық Жетісу газетіне жарияланған сұхбатын газетіміздің екінші бетінен оқи аласыздар. Ал, З.Нұрқаділов туралы ой-толғауларды бірінші және үшінші беттен оқуға болады.

РОЗА АЙДАРБЕКОВА

## МЕН БІЛЕТІН АРДА АЗАМАТ

2024 жыл мен үшін жағымды жаңалықтан басталды. Қаңтар айының екінші жартысында білікті басшы әрі ұйымдастырушы, мықты саясаткер, әділдіктің жақтаушысы Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділовтың туғанына 80 жыл толуына байланысты ұлы мен қызы үлкен ас берді. Ата-баба рухына арнап кім ас бермей жатыр дейсіз. Бірақ, бұл астың өзгешелігі Заманбек Қалабайұлының есімінің қайта жаңғыруында болып тұр. Асқа ҚР Президентінің кеңесшісі-баспасөз хатшысы Берік Уәли қатысып, көпшіліктің алдында Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың З.Нұрқаділовке туған ауданында ескерткіш орнатып, Алматы қаласындағы тұрған үйінде ескерткіш тақта ашу хатын оқып беруді, жиналғандарды бір серпілтіп тастады,

Осыдан кейін елімізде арада ұзық жыл өтсе де Заманбек Қалабайұлының аты қорықпай айтылып, есімі қайта жаңғыртыла бастады. Қазақтың маңдайына біткен арда ұлының есімі

ұлықталып жатыр. Бұл мен үшін үлкен қуаныш! Ел мүддесі үшін, болашақтың жарқын болуы жолында басын бәйгеге тігіп, билікке қарсы шығып табандылық танытқан Заманбек Нұрқаділов жылдар өтсе де қайта тірілді. Көп адамдар Зәкеннің әділдік жолындағы күрескерлігін, қайраткерлігін, мықты саясаткер болғандығын айтып жатыр. Ал мен оның облыс әкімі болып тұрғандағы шебер ұйымдастырушылық қасиетін, біліктілігін, ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуда ештенген қорықпай тәуекелдерге барғандығын айтқым келеді.

Иә, 1998-2021 жылдары Заманбек Қалабайұлы Алматы облысының әкімі болды. Мен ол кезде осы облысқа қарасты Іле ауданы, Ақши ауылдық округінің әкімі едім. Сол бір жылдары жалпы елімізде жағдай қиын болды. Әсіресе, аудан орталығы тарап, айдалада қалғандай болған Ақши өңірінің халқы қатты киналды. 1997 жылдың жазында Күрті ауданы тарап, үшке бөлініп көршілес Іле, Қарасай, Балқаш аудандарына қосылды. Аудандық мекемелердің ғимараттары қаңырап бос қалды. Әр салада қызмет

атқарып жүрген адамдар мен жастар Алматыға немесе көршілес аудандарға қарай қоныс аударды. Ауылда қалған мал мен егіншілікке қарап қалуға мәжбүр болды. Ол кезде ауыл шаруашылығына субсидия берілмейтін. Әсіресе, 1998 жылдың алғашқы айларында халық «жер жыртуға тракторды қалай жалдаймыз, егін егуге тұқымды қайдан аламыз» деп, уайымдап киналып жүргенде Ақшиге облыс әкімі Заманбек Нұрқаділов келіп, халықпен кездесті. Ауыл тұрғындарының мұң-зарын естіп болған соң Заманбек Қалабайұлы былай делі:

- Мен облыс бюджетінен сіздерге күзгі жиын-терін аяқталып болғанша пайызсыз несие берудің амалын қарастырайын. Несиеге алған қаржыға көктемгі егіс жұмыстарын толық жүргізіп алыңыздар. Ал, күзде жаздай баптаған өміңдеріңізді жинап алып, өзіңізден артылғанын сатып несиеңіз толықтай қайтарасыздар,-делді. Оның заңдылығына бас қатыратын ауыл адамдары ма. Әкімнің сөзіне риза болып, үйлеріне қайтты.

Заманбек Қалабайұлы сөзінде тұрып, наурыз айында несиеге өтініш

берген барлық адамдарға тиісінше қаржы бөліп, олардың жер жырту, тұқым себу жұмыстарын толықтай жүзеге асыруына жағдай жасады. Күзде ақшиліктер алған несиеңі ешбір пайызсыз облысқа қайта қайтарып берді. Бұл үрдіс Зәкен басқа қызметке ауысқанға дейін жалғасты. Соның нәтижесінде ауыл халқының жағдайы жақсарып, несие көтерілді, олардың өздігінен аяқтарынан тік тұруына мүмкіндік туғызылды. Мен ауыл әкімі ретінде осы істің басы-қасында жүріп, жерлестерімнің қандай нәтижеге жеткендігіне куә болған адаммын. Ауыл адамның өмірін жақсартамын деп, жоғарыға жалтақтамай өз бетінше батыл қадам жасай білген Заманбек Қалабайұлының сол бір жақсылығын Ақши халқы күні бүгінге дейін жыр қылып айтады. Олар да Зәкеннің есімінің ұлықталып жатқандығына қуаныштарын білдірді. Мен білетін қазақтың арда ұлы Заманбек Қалабайұлы Нұрқаділов айтқан сөзінде тұратын, уәдеге берік, кез-келген тығырықтан шығу үшін батыл қадам жасайтын тәуекелшіл азамат еді.

САНДЫБАЙ КЕРІМБЕКОВ,  
Іле ауданының  
Құрметті азаматы

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

### «Билікке айтарым бар!»

Облыстық «Алатау ардагері» газеті өз беттерінде жана жылдан бастап «Билікке айтарым бар!» атты жаңа айдар ашып отыр.

Бізге бәрі жақсы дегенмен, кейбір ауылдарда, аудандарда түрлі мерзімдер ішінде шешімі табылмаған түйткілді мәселелер жоқ емес, бар. Соларды бірлесіп шешу үшін оған жариялық беріп, кемшіліктерді көрсетіп, газет редакциясына хат жолдауларыңызға болады. Газет редакциясы сіздер жіберген хат мазмұны негізінде ондағы көрсетілген кемшіліктердің оң шешілуіне ықпал етіп, тиісті орындарға хат жіберіп, оның нәтижесін газет бетінде жариялап отыруды мақсат етіп отыр. Әр шешілмей жатқан кемшіліктің тағдырын жариялық арқылы шешу үшін газет редакциясы оқырмандардың белсенділігін күтеді. Сонымен, сіздерден хат күтеміз.

«Алатау ардагері» газетінің редакциясы: aidarbekova56@bk.ru 8 777 251 9310 - Роза Айдарбекова, altina57@mail.ru 8 705 965 3661 - Алтынбай Сикымбек.

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Алматы облысы ардагерлерінің төл басылымы-«Алатау ардагері» газетіне жазылу ақпан айынан бастап қайта жалғастырылуда. Облыстың барлық почта бөлімшелерінде газетке жазылуға болады.

Қосымша индекс: 65473

ЖАҢАЛЫҚТАР ВЕСТИ

### Уақыттың ауысуы адам психикасына әсер етпейді

Биылғы 1 наурыздан бастап Қазақстанда уақыт белдеуі бірінші рет ауысады. Осыған орай Астана медицина университеті академик Е.Даленов атындағы профилактикалық медицина ғылыми зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері Жанна Нұрбергенмен тілдескен едік.-деп хабарлайды KAZINFORM.



«Уақыттың жылжуы - психоэмоционалды фактор. Бірақ уақыт белдеуінің 1 сағатқа ауысуы адам психикасы мен ағзасына айтарлықтай әсер етпейді. Бейімделуге көп болса 2-3 күн

қажет, режимді аз уақытта реттеп алуға болады. Мен Батыс өңірдің тұрғынымын, бізде Астанадан 1 сағат айырмашылық бар. Туған жерімде бір апта, бір ай болып Астанаға келгенде айтарлықтай өзгеріс немесе үйрене алмай қиналу байқалмады», - дейді Жанна Нұрберген.

Маманның айтуынша, кез келген нәрсеге бейімделу кезінде ең алдымен ұйқы мен тамақты реттеу керек.

«Асты ұйықтар алдында кем дегенде 3 сағат бұрын ішкен жөн. Сол сияқты жатар алдында мүмкіндігінше шектен тыс сұйықтық ішпеген дұрыс. Осы аталған екі ереже адамның жаңа ортаға, уақыт айырмашылығына тез бейімделуіне мүмкіндік береді», - дейді ол.

### Незаконные сигареты и алкоголь изъяты в Алматинской области

Департамент госдоходов по Алматинской области выявил в пяти торговых точках безлицензионную деятельность и незаконную продажу подакцизной продукции, передает корреспондент Kazpravda.kz

По данным пресс-службы Комитета государственных доходов МФ РК, изъято 903 бутылки алкогольной продукции разных наименований без сопроводительных накладных на товары (СНТ) и сигареты, немаркированные средствами идентификации, в количестве 11 620 штук («Fast», «Zimereb», «Oscar» и другие).

- По данным фактам составлены административные материалы по статьям 463, 283 и 283-1 КоАП РК и переданы в суд. За эти нарушения налогоплательщикам грозит штраф от 50 до 150 МРП, с конфискацией подакцизных товаров, - говорится в сообщении КГД.

В госоргане напомнили, что реализация подакцизной продукции без соответствующей лицензии, сопроводительных накладных на товары и не маркированной средствами идентификации на территории РК запрещена.

Ранее почти тонну подпольного алкоголя изъяли у сельчанки в СКО.



### Алматы облысында зілаладан кейін жаңа салынған мектептің қабырғалары жарылып кетті

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында жер сілкінісінен кейін жаңа мектептің қабырғалары жарылды,-деп хабарлайды KAZINFORM.



Оның видеосы әлеуметтік желіде тарайды. Бейнежазбадан мектеп қабырғаларындағы үлкен жарықтарды көруге болады.

Еңбекшіқазақ аудандық білім бөлімі 2015 жылы салынған мектеп ғимаратының қабырғасындағы бұл жарық жер сілкінісіне дейін де болғанын жеткізді.

«Алайда жер сілкінісінен кейін жарықшақ 10 сантиметрге дейін кеңейіп кеткен. Бұл мектепте бүгінде 564 оқушы оқиды. Оқу процесі күндізгі режимде жүргізіледі. Төтенше жағдайлар басқармасы апатты жағдай деп танымады», — деп атап өтті аудандық білім бөлімінен.

### В акимате Алматинской области ответили, будут ли сносить дома дачного массива «Вишнёвый сад»

Заместитель акима Талгарского района Ануар Аскербеков во время встречи с жителями дачного массива «Вишнёвый сад» заверил, что слухи о сносе домов беспочвенны.-передает Informburo.kz.

Ранее жители дачного массива выступили против присоединения к селу Актас. В кооперативе проживают более 2500 человек, многие из них боятся потерять свои дома после слияния.



«Информация о том, что дома будут сносить, не соответствует действительности, это дезинформация. Как жили, так и будете жить. Линии, которые вы сами построили, их никто не будет трогать. Я вам официально говорю: сноса не будет. Данный документ принимается для решения проблем жителей. Ваша собственность защищается законом и Конституцией», — сказал Ануар Аскербеков во время встречи с жителями «Вишнёвого сада».





«Устараның жүзіндей, аударылған дүние-ай» деп қара өлеңде айтылғандай, бірде шаттық, бірде мұңға толы өмір керуенінің Зәкеңсіз де жиырма жылға жуығы өтіп кетіпті. Қазақтың маңдайына берген ірі перзентінің бірі Заманбек Қалабайұлы тірі болса 80 жасқа толар еді. Саясат сахнасында қызмет етсе де әдебиеттен өзін бір сәт алыстатпаған, өнерге етене жақын жүрген Зәкең өмірінің соңғы кезеңінде Шығыс шайырларын қазақша сөйлетіп, аударма ісімен айналысып еді. Сол бір алмағайып уақытта орайы келіп, екеуара саясатқа соқтықпай тек қана шайырлар әлемі туралы сыр-сұхбат жасаған едік. Белгілі себептермен жарияланбай қалған рухани әңгімені туған күні қарсаңында өзі тұрақты оқырманы болған, қолдау көрсетіп, жазылымын арттырған ата басылым облыстық «Jetisay» газетіне ұсынып отырмын.

— Зәке, қолымызға тиген мына «Шығыс жыры» атты кітапты оқып, бір жағынан, әдебиетке әуестігі сонау бала кезден басталып, әбден ерте тартқанша бір басылмаған адам ретінде әсіре әсерленіп, сүйсінсек, екінші жағынан, ескілікті кеңестік-тоталитарлық жүйе қалыптастырған тоғышарлық тоймайын мінезбен кәнігі саясаткердің басқа емес, Шығыс поэзиясына деген құмарлығына таңырқадық.

— «Тіс қаққан саясаткердің саясат сахнасынан түсіп, әдебиет ауылына ат басын бұрып кетуі қалай?» деген ой келді ме? Өзіл ғой (күліп қойды)...

Өзіңіз айтпақшы, менің де Күн шұғылалы Шығыс поэзиясына деген құмарлығым сонау балалық шақта оянған. Бір қызығы, мен кітапты көп әрі өте жылдам оқитынмын. Алдыма бірнеше кітапты жайып тастап, бірінен-біріне көшіп, қазақша болсын, орысша болсын судыратып оқи беретінмін. Әрине, оқыған кітабымның ішінен өзіме керектіні екшеп, талғап аламын ғой. Мектеп бағдарламасы бойынша оқуға берілетін көркем әдебиет кітаптарынан бөлек ауыл кітапханасындағы бар дүниені адақтап шықтым десем де болады. Кітапқұмарлығым сонша, біреу міндеттеп қойғандай, кейде әлдебір кітапты бір түннің ішінде тауысқан кездерім аз емес. Өзіме қатты ұнаған кітапты оқып бітірмейінше тапжылмаймын. Сондай кітаптың бірі — «Құрыш қалай шынықты?». Тағы біреуісі — Эрих Мария Ремарктың «Үш жолдас» романы. Өмірге құштар, рухы күшті адамдар туралы оқыған өте қызық болатын. Ал классикалық дүниелерден Пушкинді, Лермонтовты, Чеховты, Толстойды, Золяны, Ролланды, Мопассанды сүйсіне оқыдым. Есениннің әуезді лирикасы жүрегімді тебіртпей қоймады. «Заманбек ылғи да орысша кітап оқыған ба, немене өзі?» деп таңданып отырған боларсыз (күліп алды)?

— Жасырағы жоқ, Зәке, сондай ойда отыр едім, дәл үстінен түстіңіз...

— Қазақтың ақын-жазушыларын оқитыным онсыз да түсінікті ғой. Бірақ, біздің кезімізде қазақша кітаптар жеткіліксіз болды. Бәлкім, содан да шығар, қолыма түскен кітапты аялап ұстау өмірлік әдетіме айналды. «Абай жолын» айтпағанда, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Қурляндия» романын қалай әсерлене оқығаным әлі есімде. Ал енді поэзияға келсек, мектеп қабырғасында оқып жүргенімде, Абайдан кейінгі пірім Қасым Аманжолов болды десем, өтірік айтпаспын. Ақжүрек ақынның өз қызы Даригаға арнаған жыры оқыр-

манды елжіретпей қоймайды. Қасымның қазасы бозбала менің де қабырғамды қатты қайыстырды. Кейінірек: Жыр бәйгеге аттанған адам болса, Сөредегі Қасымның есіне алыс!.. — деп жырлаған жерлесім Мұқағали сол тұстарда «жыр бәйгесіне аттанған» еді. Бір қызық айтайын, 1961 жылдың маусым айында мектебіміздің құрылғанына 30 жыл толуы мен біздің мектеп бітіруіміз дәлме-дәл сәйкес келді. Осы 30 жылдық тарихта тұңғыш рет алтын медаль маған бұйырыпты. Түлектер кешінде асыр салып билеп жүргенімде иығымнан біреу түртті. Сөйтсем, қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген апайым екен. Өзі шашы ағарған арық кісі еді, одан сайын бүкшініп кеткендей.

— Қалқам, Заманбек, — деп шыншағымнан ұстап, дәлізге қарай жетеледі.

— Не боп қалды, апай? — деп сұрадым оның мұңайған жүзіне қарап.

— Заманбек, Мұхтар Әуезов о дүниелік болды, — деді ол жанарында жас мөлтідеп. Көзіне мұң ұялап, кеудесін қайғы кернеген апайыма не дерімді білмей, оның жіңішке қолдарын алақаныма салып:

— Сабыр сақтаңыз, апай, — дедім қайғы жамылған жанға айтылатын әдеттегі сөз аузыма түсіп.

— Сабыр сақтаң не?! — деп сүйікті апайым менің қатқыл алақанымдағы сүйіктіктей саусақтарын жұлқи тартып алды.

— Не деп тұрсың өзің?! Мұхтар Әуезов қой ол... Әй, Заманбек, Заманбек...

Ашуланып, айқайлаған жоқ, жай ғана айтты. Сөйтті де теріс бұрылып кете барды. Мен тұрған орнымда сілеіліп қалған едім. Арт жақтан музыканың дүрсілі құлағымға жетіп жатса да дәл осы сәтте апайымның сылбыр басқан аяғының дыбысы жаңғырып естіліп жатқандай сезілді. Сол кезде барып жас санама өзімнің бір ақымақтық жасағаным сыналап кіре бастады. Оны ұғынып болғанымша кеш еді. Апай ұзын дәліздің қаранғылығына сіңіп, жоқ болды (томсарып, үнсіз қалды)...

— Апыр-ай, э, Зәке, мына естелігіңіз тым әсерлі екен. Менің түсігенім апайыңыз сізге үлкен үміт артқан болды ғой?

— Иә, өмірімнің осы бір сәті есіме түссе әлі күнге дейін өзімді біртүрлі жайсыз сезінемін. Мектепті алтын медальмен бітіріп, ай-хай десеңізші, қиял аспанында қалықтап жүрген албырт кезім. Апайымның үкілеп жүрген үміті өзім екенін сезбепшім ғой. «Ананың көңілі — балада, баланың көңілі — далада» дегендей, апайым менің бойымнан әдеби қабілет көріп, маған сеніп жүрсе, менің ойым, таңдауым

## ӨМІР ҚЫСҚА ЕМЕС ПЕ?

мүлдем басқаша болып шықты. Бірақ, ержетіп, ат жалын тартып мінген азамат болсам да әдебиетке деген құмарлығым еш суыған емес. Үш қайнаса сорпасы қосылмайтын, тіпті, шет, бөтен құрылыс саласының маманы болсам да Шығыстың ұлы шайырларының шығармаларын іздеп жүріп оқитынмын. Шығыс поэзиясы маған алтынмен аптап, күмістен саптап тұрғызылған, күмбездері күн нұрына шағылысқан заулім сарайдай әсер етуші еді. Оның бір құпия-сыры — өзімнің де өлең жазуға ынтызарым ауып тұратын.

Бозбала Абайдың: Физули, Шәмси, Сәйхали, Навои, Сағди, Фирдауси, Хожа Хафиз — бу һәммаси, Мәдет бер, я шағри фәрияд, — деп Шығыстың ұлы шайырларының аяулы есімдерін аялай еске ала отырып, олардан шалқар шабыт жолында мәдет сұрап, ерекше қадір-құрмет тұтқаны белгілі. Мен де бала күнімде ұлы ақынның «болмасаң да ұқсап бак» деген сөзін өмірлік ұстаным еткім келді.

— Кітаптың «Шындық жыры» деген үшінші бөліміне өз өлеңдеріңізді топтастырып беріңіз де, мына бір өлеңіңізді эпиграф етіп алыңыз:

Қарындашты тағы ұштайын,  
Жыр арнайын бәріңе.  
Жүрегімді тыныштайын,  
Әуес болман дәріге.  
Мәңгілікке сөз қалады,  
Бұл — сыйлығы ғұмырдың.  
Қазағымның бай тіліне  
Тәңірімдей сыйындым!

— Осы жырдың астарына үңіліп қарасақ, сіз өлеңді ерте бастан-ақ жазып жүрген адамға ұқсайсыз. Расында солай ма?

— Бала күнгі шатпақ-шмайларымды өлең деуге келмейді, әрине (мырс етті). «Әу» демеітін қазақ бар ма?» дегендей, әсіре қоғамдық белсенділік көрсетіп, қабырға газетіне арнап шығарған мектеп, пионер, комсомол өмірі жайлы ұйқастар өлеңнің жүгін көтере алушы ма еді, тәйірі?..

Психологияда адамдарды ойлау қабілет-қарымына қарай шартты түрде «лирик» және «физик» деп бөлу бар емес пе? Өз басым бір адамның бойында осы екеуі де болады деп есептеймін. Әйтпесе, «физиктер» поэзияны мүлдем түсінбеуші еді. Жас кезімде «физигім» «лиригимді» басып кетсе керек. Енді, міне, қартайғанда «лиригим» «физигімнен» ессені алып жатыр (күліп алды)...

— Кітабыңыздың құрылымына зер салсақ, аталуының өзінен көрініп тұрғандай, бірінші хәм ең қомақты



бөлімі тұтастай Шығыс жырларына арналыпты да, II ақынның әрқайсысына бір-бір тараудан беріліпті. Тағы бір ерекшелігі — әр тараудың өз атауы бар. Ол атауларды сол ақындардың өз сөзі деп түсінуге де болар еді, бірақ, «Өмір қысқа емес пе?» деген атаумен берілген Әбу Абдолла Рудақидің жырларынан оның осы іспетті сөзін ешбір жерден кезіктіре алмадық.

— Осы бір кішігірім құпияны дұрыс байқапсыз. Өзілдеп айтсам, ақынның артына тығылған менің «қулығымды» ашып қойыпсыз (мырс етті). Ол сөзді Рудақиден алмағанымын рас. Бәлкім, Рудақидің осы мағыналас сөзі бар да шығар. Ал анығында бұл — Омар Хайамның сөзі.

Кітапта:

Бәрін өзі шешетін Көкпен анау теңесе,

Ақылдың жоқ керегі, келмейді ешкім кеңеске.

Тұтқыны боп бос сөздің сен қашанғы жүресің,

Бір-ақ аршын есеп бар: өмір қысқа емес пе? — деген рубайы бар «шарап» пен «кәйіпті» жырлап өткен ақынның. Дәл осы жерде мен өзімше Омар Хайамды

«шарапқұмар ақын» дейтін тоғышарлық тар көзқарасты мысқылдап отырмын. Байқасаңыз, мен Омар Хайамның шарап туралы айтқан өлеңдерін аудармауға тырыстым. Есіңізде болса Мұқағали Мақатаевтың «Оқышы Омар Хайамды» деген өлеңі бар емес пе?

...Бәрібір бізді  
Ішкіш деп жүр ғой, аяулым,  
Көтеріп жібер,  
Көңілің неден қаяулы?  
Не деген екен?  
Несі бар осы заһәрдің?  
Оқышы тағы, оқышы

Омар Хайамды! — деп аяқтайды ол өлеңін. Сырт қарағанда сағыну мен торығудан туған осы жыры арқылы Мұқағали ұлы бабасына мұңын шаққандай болады. Асылы, ақын екі заманды салыстыра отырып, үлкен бір астарлы ой тастайды. «Сіз көрген қиянаттарды көрмей біз, рақаттарды кешіп жүріп-ақ шөлдейміз», — дегенде азаттықты аңсаған адамның кейпін танытатын сыңайлы. «Тірі пенденің тілін алмаймыз, көнбейміз» деуінде де бүлікшінің сипаты аңғарылатындай. Өз замандасына «оқышы Омар Хайамды» дей отырып, Мұқағалидың одан «Көңілің неден қаяулы?» деп сұрауында бір мән бар. Әрине, бұл жерде ішімдік деген — негізгі айтар ойдың көлеңкесі ғана.

— Зәке, ендігі кезекте Шығыс шайырларын қазақ тіліне аударуға өзіңіздің келу жолыңызды әңгімелеп берсеңіз.

— Былтыр осы уақытта, нақтырақ айтсам, 2004 жылдың 18 ақпанында мен аяқастынан қатты тұмаурауып, төсек тартып жатып қалдым. Таңға жуық уақыт болатын. Аян түс дейміз бе, білмеймін, сол түсімде: Мен Шираздың пақ сұлуын тәңіріме теңер ем, Бір меңіне Самарқан мен Бұхараны берер ем, — деген әйгілі жыр жолдарымен бүкіл әлемге танылған Хожа Хафиз шайырдың өзін көрдім ғой. Үстіне зерлі шапан киіп, басына сәлде ораған ұзын бойлы, маңдайы кере қарыс, мұрны қырлы, көзі нұрлы, сақал-мұртты аққұба өңіне әдемі үйлескен сұлу кісі маған көз қырын салып тұр екен. Мен оны бірден таныдым да төсекте жатқан жерімнен қарғып тұрдым. Ұлы шайыр үнсіз сәлем бергендей иегін қағып, маған күлімсірей қарады да өзінің жыр кітабын ұсынып жатып:

— Уа, Заманбек, тыңдашы мені. Бәлкім, сен өз бағыңды сынап көрсеңіз?.. Мына кітаптың кез келген бетін ашып, сондағы ғазалды маған дауыстап оқып берші. «Оқи алмаймын ғой» деп еш тартынба. Сен өзін де байқамастан оқып жүргеніңді білмейсің. Сол ғазалдың саған арналғанын хәм ол сенің болашақ тағдырыңды айқындайтынын мен біліп тұрмын, — деді биязы дауыспен.

тіліме үйіріліп тұр. Отыра қалып, қағазға көшіре бастадым.

Ақ жүзінді ашшы, қалқам, толған айдай сұлуым,  
Тұла бойды жаулап алған сенің кербез қылығың.  
Кеше ғана мен шал едім, бүгін жаспын, медет бер,  
Ұқсап кеттім мен майшамға жанып кеткен кенеттен.  
Қуат берген бар кәріге ұлы достық қорғаны,  
Сөнген майшам қайта жанса — ол махаббат қолдағы.  
Сөз науаты жанды баурап, сыйға шырын ұсынды,  
Өткен кимас сәттерімді ет жүрегім түсінді...

Міне, осылайша Хафиздің орыс оқырманына да белгілі ғазалы менің ана тілімде де еркін сайрай жөнелді. Осыдан бастап шексіз рухани кеңістіктегі «Тәңір, Өмір, Мәңгілік, Уақыт, Ғалам, Махаббат» деген қасиетті ұғымдар менің кеңі түскен санама жаңғырығып тұрып алды. Айтқандай, осы аян түсімді — осы бір естен кетпес оқиғаны мен дәл сол күні-ақ өз жырыммен боямасыз баян еттім.

— Иә, «Мен Хафизше жырласам...» (Хафиздің 36-ғазалына арнау) атты жырныңызды сіз кітабыңыздың 360-бетінде жазылу уақытын көрсете отырып беріңіз. Ал енді осы аты ғажап «ғазал» дегеніміз не?

Қанша тағы ұмтыласың «мен» деуге сен, қайран жүрек?

Салқын темір селт ете ме сокқаныңмен лозат тілеп?

Жүрегім бір дән секілді, махаббатым таудай саған.

Дән жүрегім езілмей ме, сенің тауың ауса маған?

Ал келіп көр, Рудақиді — жансыз жатыр тұл денесі,

Тау жанышқан, қансыраған.

Бұл — өзім сүйіп оқитын Қалижан Бекхожиннің аудармасы. Мен Рудақиді көп оқысам да оны көп аударған жоқпын. Ұлы шайырдың «Үш жейдеге арналған көне нақыт оқыдым» деп басталатын ғазалын қасиетті Құрандағы аңызбен толықтыра, еркін аударғанымды айта кетейін.

— Зәке, байқауымша, оны әрі өзіңіз де ашық мойындап отырсыз, сіздің аудармаларыңыз көбіне еркін боп келеді екен. Осы қаншалықты дұрыс?

— Кітаптың кіріспе сөзінде: «Мен кәсіби аудармашы немесе қазақтың қара сөзінің ұстасы, танымал ақын, я жазушы емеспін!» деп өзімнің ақталғандай болғанымды байқаған шығарсыз (мырс етіп күліп, терең ойға кетті)...

Таяуда Мұқағалидың төрт томдық шығармаларын оқи отырып, оның Дантеңің «Құдіретті комедиясын» аударуына байланысты жазған хатына көзім түсіп, таң-тамаша қалдым. Ол былай депті:

«Жасыратыны жоқ, ұлы дастанның орысша аудармасы (менің соқыр сезімімде, итальян тілін білмеймін ғой) маған жолма-жол (подстрочный) аударма сияқтанады да тұрады. Поэзиялық дүрсіл, поэзиялық толқулар аз сияқты. Сондықтан да орысша аудармадағы кейбір әлжуаз төңірегінде қалмай, еркінірек кеткен де жай бар. Поэзиялық шығарманы аударуда, ең бастысы, ойға көбірек көңіл бөледі ойдағы жөн ғой дедім. Түпнұсқадағы автор ойына жете түсінсең, әдемі поэзия жасауға да болады ғой, бар сөздің бірін қалдырмай, қазақшалау шарт емес-ау деп ұғындым. Басқа тілдің ерекшелігінен айнымайын деп отырып, өз тіліңнің ерекшелігін еркін пайдаланудан қашуға болмайды ғой».

Мұқан түп-тура менің ойымның үстінен түскендей! Бұдан артық айта да алмайсың. Қысқаша айтсам, менің де аудармадағы ұстанымым осындай. Әлгіңде айтқанымдай, Мұқағали Омар Хайамға бір ғана өлеңін арнаған. Соның өзімен-ақ ол ұлы ақынға деген шексіз сый-құрметін, ыстық ықыласын жеткізе білген ғой. Ақиық ақынымыз Омар Хайамды барынша терең түсініп, оның түрік қанынан шыққанын еске ала отырып, соншалықты жылдылықпен «баба» деп бауыр тартып, қазақ оқырманының жүрек қылын шертеді.

Менің де шын тілегім — қалың қазағым Шығыс жырларымен сусындаса екен. Кейде маған біздің жастарымыз батыстық шығармаларға бой алдырып, өзімізге әлдеқайда жақын Шығыстың асыл жауһарларынан іргесін аулақ сала бастағандай көрінеді. Бәлкім, бұл құбылыстың есейген біздер үшін түсініксіз, өзіндік бір сырлары бар да шығар. Қалай десек те біздің түп-тамырымыз Күн шұғылалы Шығыстан нәр алады...

Жақыпжан НҮРҒОЖАЕВ,  
публицст-жазушы



Есімі ел жадында жаңғырды

Таяуда ғана Алматының төрінде мемлекет және қоғам қайраткері, мықты саясаткер Заманбек Нұрқаділовтың рухына тағзым етіп, оның жетістіктерін, идеялары мен істерін еске алуға арналған ас берілгендігі еліміздің жұртшылығы үшін ақжолтай хабар болған еді. Еліміздің ертені үшін күрескен Алаш зиялылары секілді бұл қайраткердің де есімі жұмбақ күйде қала бере ме деген елге шын мәнінде бұлт артынан шыққан күн секілді болды.

# ЕР ЕСІМІ ЕЛ ЕСІНЕН КЕТПЕЙДІ

Асқа жиналған түрлі партия мен қозғалыс өкілдері, депутаттық корпусының өкілдері, жазушылар, өнер қайраткерлері бар белгілі саясаткерлер мен танымал тұлғалардың бәрі Заманбек Нұрқаділов туралы жылы естеліктерді еске түсіріп, Қазақстанға осындай мықты саясаткерлер керек екенін айтты.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Қысым-Жомарт Тоқаев пен Сенат басшысы Мәулен Әшімбаевтың хаттары да оқылды.

Ерте ме, кеш пе, тарих парактары су бетіне шыққан дүние секілді шындықтың бетіне шығары анық. Біз Заманбек Қалабайұлының тағдыр жолына, өткен өміріне, атқарған істеріне кеш те болса әділ баға берілді деп ойлаймыз. Президенттің хатында Заманбек Нұрқаділовтің туған жері-Алматы облысы Кеген ауданында ескерткіш, ал Алматыда тұрған үйіне ескерткіш такта орнатылатынын саяси тұлғаға көрсетіліп жатқан баға деп қабылдадық.

Шындықтың шырайын кіргізген осы басқосу әділдік орнап, Заманбек Қалабайұлымен қатар сол кездегі саясаттың құрбаны болып кеткен басқа да тұлғаларға әділдік орнаса деген ойға жетелегенін жазыра алмаймыз. Біз ол күннің ерте ме, кеш пе келетініне сенеміз. Елі барда есіл ерлерінің есімдері ұмытылмайтыны-ақиқат.

Көкейі тағы бір ой мазалайды. Ел-жұрт өз батырларын, ел бастар тұлғаларының есімдерін білуі керек. Саясаткерге, мемлекет қайраткеріне туған жерінде ескерткіш тұрар ау, алайда, сол ескерткіш Алматының төрінде тұрса, елі ғана емес, шет елден келген қонақтар да саяси тұлғаларымызды танып, білер еді. Ол ойымызды естір құлақ болып, ойымыз жүзеге асып жатса, Зәкеннің де әруағы риза болар еді деген ой санамызды мазалайды. Оны уақыт көрсетер. Осы жолда үмітіміз үзілмей, ойымыздың ақиқатқа айналуын тілейік.

Ер есімі ел есінен кетпейді. Заманбек Нұрқаділовтің есімі қала тұрғындары ғана емес, қазақ жұртының жүректерінде көпке дейін сақталатыны анық.

Сабыр ДОСЫМБЕКОВ,  
Кеген ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы.

# ОБЛЫС ОРТАЛЫҒЫНДА ӘУЕЖАЙ БОЛУЫ КЕРЕК



Жасыратыны жоқ, бұл күндері жол қатынасының ең тиімді жолы әуе қатынасы болып барады. Уақытын үнемдегендер ұшақтармен ұшуды дұрыс көреді. Алайда, біздегі әуе кемелерінің паркі сонау кеңес заманынан келе жатқан-дықтан олардың пайдаланылу ресурстары да таусылып бара жатқаны анық. Солардың ақаулығынан Алматы әуежайында келенсіз жағдайлардың орын алғанын қала жұрты көзімен көрді, құлағымен естіді. Әуе кемелерін жаңалау-Үкімет пен жекелеген әуе компанияларының алдында тұрған міндет.

Дегенмен де әуежайдың қала іргесінде, қаламен астасып жатуы қауіп әкелетіні анық. Ол туралы біз бүгін сөз етіп отырған мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділов кезінде «Әуе жолы қарым-қатынасының қауіпсіздігін сөз еткенде ең бірінші айтарымыз Алматы қаласының аумағында болған әуежай қалаға қауіп-қатер алып келеді» деген болатын.

2012 жылдың аяғында Қазақстан басшылығы Алматы және Алматы облысында курорт аймағын дамыту жайлы қаулы қабылдады. Қапшағайға жақын әуежай құрылысын салу жоспарланды. Осы істі бастау Заманбек Нұрқаділовтің идеясы еді. Алайда, «ЭКСПО» делі ме, «басқа» делі ме, мемлекет қаржысы басқа салаға кетіп, ол кісінің бастамасы жұмбақ күйде, тек қағаз жүзінде ғана қалды.

Ал енді кешегі Қапшағайдың, бүгінгі Қонаевтың ертеңіне көз салсақ, облыс орталығының жеке әуежайы болуы керек-ақ сияқты. Осы жолдардың авторы менің осы бір ойларым шын мәнінде жүзеге асып жатса, ол әуежайға мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділовтың есімін берсе, жарасып-ақ кетері сөзсіз. Өйткені, тағы да қайталап айтайын, сол бастаманың басында заманымыздың заңғар ұлы Заманбек Қалабайұлы тұрғаны анық. Ол әуежайға ол кісінің есімін беру ер-азаматын қадірлеп-қастерлейтін елі үшін сын болары анық.

Егер бір облыс орталығына автомобиль, темір жолдармен қатар әуе қатынасы да керек десек, ерте ме, кеш пе, Қонаев қаласы маңына «Болашақта осы жерде әуежай құрылысы басталады» деген тас белгісі қойылған жерде әуежай болуы керек-ақ сияқты деп ойлаймыз. Ерін ескерген елінің бүгін оған беріп жатқан бағасының салмағын таразы басына салсақ, әуежай болатынына, әрі сол әуежай заманның заңғар ұлының есімімен аталатынына сенгін келеді.

Алтынбай ШӘКЕНҰЛЫ.

Жанында жүр жақы адам

# БЕЙНЕТІНІҢ ЗЕЙНЕТІ

Адам өміріндегі бел- белестердің бәрі де елеулі саналса керек. Сөйтсе-дағы кемел жас 63-тің орны мүлдем ерекше екені баршаға мәлім. Ағалық ардақты асудан асып, ақсақалдық мерейлі кезеңге көтерілер бұл шақтың зейнет жасы аталуы бекер емес-ау. Бір басында тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиет тоғысқан, сонысымен де елінің көшелі бір азаматы болып, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып жүрген ардақты азамат Әміржан Байниетұлы бұл күнде зейнет жасына шыққалы отыр. Әміржан ағамыз мінезіне көркі сай, өз ісіне жауапты, білімді, ақылды азамат, әрі өнегелі әке. Әркез саған жақсылық тілеп, қуансаң балаша мәз болатын жан.

Халқымыздың «Туған жерге туың тік!» деген тәмсілінде патриотизмнің кіндік қаның тамған жеріңе, өскен ауылыңа деген сүйіспеншіліктен тамыр тартатыны айтылған. Сол сынды туған жеріне аянбай еңбек еткен, Малыбеков Әміржан Байниетұлы 1961 жылы 13 қаңтарда Алматы облысы, Кеген ауданы, Кіші Жалаңаш ауылында дүниеге келген. Білімі-жоғары. Орта мектепті тәмамдаған соң, 1983 жылы Қазақ Қызылту Еңбек орденді Ауыл шаруашылық институтына оқуға қабылданып, «Орман шаруашылығы инженері» мамандығын алып шықты.

Еңбек жолын 1983-1984 жылдары институттың жолдамасымен Павлодар облысы, Қашыр ауданы, М.Горький атындағы орманшылығында орманшы болып бастады.

Одан соң, 1985-1986 жылдары Саты ауылында Айтжан Түркебаев атындағы орта мектепте әскери жетекші, Кіші Жалаңаш ауылында Ақай Нүсіпбеков атындағы орта мектепте әскери жетекші, 1986-1987 жылдары Саты ауылындағы Таушелек орманшылығында шаруашылық меңгерушісі, 1987-1988 жылдары Жалаңаш орманшылығында орманшы, Кеген орман шаруашылық өндірістік кәсіпорнында орманшы, 1988-1990 жылдары Қарабұлақ орман шаруашылығы бөлімшесінде орман шебері болса, 1990-1992 жылдары Кеген орман шаруашылық өндірістік кәсіпорнында орман күту инженері, 1992-1993 жылдары №27 Қарқара орманшылығында орманшы, 1993-1995 жылдары Кеген орман шаруашылық кәсіпорнында техника қауіпсіздігінің инженері қызметін атқарса, 1995-1997 жылдары Кеген орман шаруашылық кәсіпорнында шеберхана меңгерушісі, 1997- 2000 жылдары Қарабұлақ орман бөлімшесінде орман меңгерушісі,



2000-2007 жылдары Кеген орман аңшылық шаруашылығының Қарабұлақ орман бөлімшесінің меңгерушісі, 2007-2008 жылдары «Көлсай көлдері» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің Қарабұлақ орман бөлімшесінде орманшы, 2008-2009 жылдары «Көлсай көлдері» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің Көлсай орманшылығының орманшысы болса, 2009-2010 жылдары Ақмола облысы, Көкшетау қаласындағы Қазақстан Ре-

спубликасы ауыл шаруашылығы Министрлігі және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Көкшетау» мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі ММ-де директордың орынбасары, 2010-2011 жылдары «Көлсай көлдері» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі ММ-де директордың орынбасары, 2011-2019 жылдары «Көлсай көлдері» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркі ММ-де директоры қызметін абыройлы атқарды. 2020 жылдан осы уақытқа дейін Кеген ауданы, Жалаңаш ауылдық округінің әкімі қызметін атқарып келеді. Осылайша, өзінің білімі мен қайсарлығының арқасында көптеген қызметтер атқарып, аз күнде бейнетінің зейнетін көрмек.

Зайыбы Бағдат Уәлиева-«Көлсай көлдері» Мемлекеттік Ұлттық табиғи паркінің Ғылым бөлімінің басшысы. Екеуі екі ұл, бір қыз тәрбиелеп, өсірді. Алты немере сүйіп отырған үлгілі отбасылардың бірі. Балалары жоғары білім алды. Қызы Маржан Әміржанқызы -«Еуразия аграрлық» колледжінде мұғалім, ұлдары Нұрсұлтан мен Ахметжан жеке кәсіпкерлікпен шұғылданады.

Әміржан Байниетұлы Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Еңбек сіңірген орман өсіруші» төсбелгісімен, «Кәсіподаққа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, «Қазақстан Конституциясына-20 жыл», «Қазақ ұлттық аграрлық университетіне 70 жыл», «Қазақ ұлттық аграрлық университетіне 85 жыл» мерекелік медальдарымен, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің Мақтау қағазымен марапатталған. Облыстық, аудандық әкімдіктердің Құрмет грамоталарын бірнеше мәрте алған.

Қуанышыңыз ұзағынан болсын! Зейнет жасына жетсеңіз де, ұрпаққа үлгі болып, ел игілігіне өзіндік үйымдастырушылық, іскерлік қабілеттеріңізді кеңінен көрсетіп, көптеген жаңашыл істердің ұйтқысы болыңыз! Сізге қажымас қайрат, отбасыңызға бақ-береке тілейміз, ұл-қыздарыңыздың қызығын көруге жазсын!

Дәурен ЕРМЕКБАЙ.

Билікке айтарым бар!

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Естеріңізде болса «Алатау ардагері» газеті басылымның өткен сандарында «Билікке айтарым бар!» деген жана айдар ашылғандығын хабарлаған болатын. Осыған байланысты Балқаш ауданы Құйған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ақбар Молдаров пен осы аталған аудан тұрғындары атынан Ақдала ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекен Шыбықбаевтан жерлестерін толғандырып жүрген көкейтесті мәселелері жөнінде бізге хат жолдапты. Төменде біз осы екі хатты жариялай отырып, тиісті құзырлы орындарға сауал жолдайтын боламыз. Жолданған сауалға байланысты қабылданған шешімнің нәтижесі туралы да көпшілікке хабардар етеміз. Облыстың әрбір ауылындағы шешімін таппай жатқан мәселе немесе жекелеген адамдарды толғандырып жүрген жағдайлар болса бізге хабарласыңыздар. Хат сіздерден, оның орындалуына ықпал ету біздерден болсын!

## ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ КАЛАЙ БОЛМАҚ?

Алматы облыстық «Алатау ардагері» газеті «Билікке айтарым бар!» атты айдар ашып, ел жұрттың көкейіндегі мәселелерді көтеруі көңілге қуаныш отын ұялатады.

Бір ауылдың ардагерлер кеңесі төрағасы әрі аға ұрпақтың өкілі ретінде ауылдағы шешімін таппай жатқан дүниелер мені де мазалайды. Солардың ең үлкені-денсаулық мәселесі.

Біз Алматы қаласынан төрт жүз шақырым жерде, көл мен шөлдің түйіскен жеріндегі Құйған деген ауылда тұрамыз. Кешегі кеңес заманынан кейін келген нарық заманы өзімен бірге жұмыссыздық деген проблеманы әкеліп, ауылдан қалаға үдер көшу басталды. Бір кездегі 4 мыңға таяу жұртшылықтан бұл күндері ауылдағы 268 шаңырақта 1320-дай ғана халық қалды.

Нарық халық өмірінің басқа салалары



секілді денсаулық саласына да өз салқынын тигізіп, бір кездері ауылдағы ірі ғимараттың бірі саналған аурухана бос қалғандай. Кейінгі жылдары осы ғимарат жанынан денсаулық саласына деп тағы бір ғимарат бой көтерді. Бірақ оларда істейтін мамандардың жоқтығынан ол ғимараттың пайдасын жергілікті жұрт көріп отыр деп айта алмаймын.

Қазір осы жерде бұрыннан келе жатқан бір-екі білікті маман жұмыс істейді. Бірақ олардың жастары да жетпістен асып кеткен. Зейнет жасына шыққандарына талай жыл болса да, басқа медицина маманы жоқтығынан амалсыздан қызметтерін жалғастырып келеді. Бірақ ол кісілер де қашанға дейін істей берсін?!

Келешекті ойласақ, халықтың санының аздығын алға тартпай, ауылда маманның жоқтығынан аурухана ғимаратын бос қалдырмай, ауылға медицина саласының мамандарын бөліп, арнайы жолдамамен бізге жіберулеріңізге ықпал етулеріңізді сұраймын. Менің жанымды ауыртатын дүние-халықтың денсаулығы. Аяғы ауыр келіндерді салдыратып екі жүз шақырымнан асатын аудан орталығына апарудың қиыншылығын, одан бөлек аяқ асты науқастанып, шұғыл медициналық көмекке зәру ағайындардың жайғайып отырасақ, мәселе күрделі боп тұрғаны анық. Осы мәселе ауыл жұртының жанына батып барады. Айтайын десе, дауыстары жоғары жаққа жетпейді. Айтпайын десе, қиын жағдайда қалып отыр.

Одан бөлек ауылда дәріхана жоқ. Ел-жұрт керек дәрі-дәрмектерін Алматыға кетіп бара жатқандардан сұрап, әкеп беруін өтініп жатады. Осы мәселе де өз шешімін күтіп отырғаны анық. Осы мәселелердің он шешілуіне көмектесулеріңізді сұраймын.

Ауылдан 18 шақырым жерде Жиделі деген ауыл бар. Онда бір мың жарымдай халық тұрады. Ондағы жұртшылық та кезінде біздің ауылға келіп ем алып қайтатын жағдайлары болған. Білікті маман болса, олар да осы ауылдың ауруханасына келіп емделері анық.

Ақбар МОЛДАРОВ,  
Құйған ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.  
Балқаш ауданы.

## ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛДАУДЫ ЫҚПАЛ ЕТУЛЕРІНІЗДІ СҰРАЙМЫЗ

Құрметті «Алатау ардагері» газетінің редакция ұжымы!

Сіздердің газет бетіндегі «Билікке айтарым бар!» атты жана айдар ашқандарыңызға өте қуаныштымын! Шынында шешімі оң нәтижесін таппаған, түйіні мен түйткілі көп мәселелер ауылда да, ауданда да кездеседі.

Шешімін таппай, аудан жұртшылығының көкейінде жүрген сондай дүниелердің бірі саналған көпшіліктің үмітін сіздерге жеткізіп, хат жолдап отырмын.

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде халық саны көбейіп, ауылдан қалаға қоныс аударушылар көптеп кездесуде. Оған жұмыс іздеп, ауылдық жерден халқы тығыз шоғырланған қала маңына қоныстанушылардың миграциясы себеп болса керек.



Біз Алматы облысының Балқаш ауданында тұрамыз. Аудан жұртшылығының балаларының басым бөлігі қала маңы саналатын Іле ауданының Байсерке, Өтеген батыр секілді елді мекендерге қоныс аударып, бұл күндері сол жақтарда тұрып, еңбек етіп жатыр.

Оның үстіне ауданымыздан жаңадан облыс орталығы болған Қонаев қаласына да қоныс аударушылар легі пайда болды. Осыған байланысты барып-келу жол қатынасы қиындық тудырып жатқаны жасырын емес.

Таяуда облыс әкімінің облыстың даму бағытын айқындап берген мақаласынан ұққанымыз жолаушылар тасымалдау ісінде де жақсылықтар болатын түрі бар. Біз соған үмітімізді жалғай отырып, Бақанас-Қонаев-Байсерке-Өтеген батыр-Алматы бағыты бойынша да жолаушылар маршруттын ашып берулеріңізге тиісті орындардан сұрау салып, ықпал етулеріңізді сұраймыз. Осы бағыт бойынша жол қатынасы болса деген көпшіліктің өтініші бар.

Балқаш ауданы тұрғындарының атынан

Бекен ШЫБЫҚБАЕВ,  
Ақдала ауылы ардагерлер кеңесінің төрағасы.



Жастармен кездесу

# ЗЕЙНЕП АПА БАТАСЫН БЕРДІ

№19 орта мектептегі кездесу кешіне жастар, ата-аналар, ұстаздар, округтегі қоғамдық ұйымдардың мүшелері, және жетекшілері, атап айтқанда, аналар кеңесінің төрағасы Гүлжан Құлымбаева, ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы Дәулетбай Жамалбеков, мектеп директоры Маржан Жұмабекқызы қатысты.

Осы кездесу кешін ұйымдастырушы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ануарбек Құлжанов көпшіліктің қошаменімен Зейнеп Ахметованы сахна төріне отырғызып, сөз кезегін берді. Ол кісі ұлтымыздың болмысында ғасырлар бойы атадан балаға мирас болып келе жатқан адамгершілік қағидалары біздің ұлттық құндылығымыз дей келе, ғасырдан ғасырға жеткен халқымыздың қазынасы-тілі, ділі, салт-дәстүрі, әдебиеті, өнері, ұлттық ойындары деп, әр қайсысына жеке-жеке тоқталды. Қатысушылардың жекелеген сұрақтарына салиқалы жауаптар беріп отырды.

Келесі кезекте әңгіме «осы рухани байлығымыз кешеден бүгінге қалай жетті, ертеңгі күнге қалай жеткіземіз» деген сауалдар төңірегінде өрбіді. Бұл сауалға да Зейнеп Ахметова өз ойын өмірмен байланыстыра отырып, нақты тиянақты түрде жауаптарын беріп отырды.

Кеш барысында осы мектептің оқушыларынан құралған «Жас Бауыржаншылар» ұйымының мүшелерімен кездесіп оларға батасын берді.



Арасында жеке орындаушылардың ән шаулары тыңдалды. Кеш соңында Зейнеп Ахметова жиналған көпшілікке алғысын айтып, батасын берсе, мектеп директоры де өз сөзінде көпшіліктің атынан ол кісіге осындай тамаша кездесуге келгені үшін ризашылық білдіріп, зор денсаулық тіледі.

**Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,**  
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагер ұстаздар кеңесінің төрағасы.  
Іле ауданы.



ҚУТТЫҚТАЙМЫЗ!

## ҚУТТЫ БОЛСЫН, БАУЫРЫМ, АЛЫС ЖАСЫН!

Адам баласында арман, тілек, өсиет өте көп болады. Әке – шешемнің де армандары көп еді. Артымнан өз атымды шығаратын ұрпағым болса екен деп. Сол арманы орындалды: 1964 жылы 31 қаңтарда бауырым Қанат дүниеге келді. Бүкіл ауыл, әулет қуанышты болды. Әжем Күміс, әкелерім Әбіхан, Әбілжан, шешелерім Күлән мен Роза, нағашы аталарым, апаларым Шәрубек, Айжан, Құмпия, Несіпбек көкем, Майра тәтем қатты қуанды. Үлкен әкем Әбіхан соғымға сойған бір жылқыны түгел қуырдақ жасатып, ауылға той жасады. Әлгі қуырдақ туралы көзі тірі аналарымыз бен әкелеріміз әлі күнге айтып еске алады. Қанат әулеттің ұшса қанаты, қонса құйрығы болды. Мен бауырыммен мақтана алам. Мемлекеттік қызметін абыроймен атқарып жүр. Бүкіл облыс, аудан, ауыл, әулет артымнан ерген Қанатымды үлгі тұтады, сыйлайды. Әулеттегі кез келген іс Қанатсыз шешілмейді. Қанатымның атын тура атамай «Қанатай» деймін. Өзімді әлі күнге дейін сыйлайды, келінім Салтанат екеуі алдымнан қия өткен жоқ. Бір қыз, екі ұлы, төрт немересі бар, солардың жақсылығын көре берсін!



Өзімнің құттықтауымды мына өлең жолдарымен көмкергім келіп тұр:

60 деген «тал түс» дейді қазағым,  
Сен жайлы кітап етіп жазамын.  
Денсаулығың мықты болсын, бауырым,  
Ешқашанда тартпашы аурудың азабын.

Құтты болсын «тал түстегі» жасың,  
Жақсылықты көре бер жеке басың.  
Қиындықты жеңе білген Қанатай,  
Төбенде тұра берсін күн мен ай!

Ізгі тілекпен әкең Рая

Жастарға құлаққағыс

# БҮГІНГІ ЖАҒАНДАНУ ЗАМАНЫНДАҒЫ ҚОҒАМНЫҢ ДЕРТІ

Бүгінгі таңда адам баласы айға ұшып, ғарыш кеңістігінде сайран салып, дүниенің көзі көрмеген түкпіріндегі болып жатқан жаңалықты телеэкран арқылы көз алдына әкеліп, ұялы телефонмен мыңдаған шақырымдардағы таныстарымен сөйлесіп отырған заманда ғылым саласының өркендеп, адамдардың рухани азғындап бара жатқанына біз мән бере білмейміз..

Қарап отырсақ, беделілік қазіргі таңда медицинаның үлкен бір саласына айналды. ЭКО бөлімшелері көптеген облыстарда бар. Алматыда осы бөлімшелер шұғылданатын институттар бар. Сперматозоидты аналық жасушамен қосамыз, өз анасына болмаса жалдама анаға саламыз, сөйтіп сәби тудырамыз. 2023 жылдың қараша айында Хабар-24 телеарнасы арқылы осы кезге дейін 5000-нан аса сәбидің ЭКО жобасымен туылғаны, осыған байланысты Қазақстан азаматы санын 5000 ға көбейттік деп мақтанышпен айтылды. Бұл мақтанарлық емес, күйінерлік жағдай. Өйткені, бір еркектен алынған сперматозоидты 15-20 әртүрлі ананың жатырына салсақ одан 15-20 сәби өмірге келеді. Арадан 20 жыл өткен соң бұл жастар әкесінің кім екенін білмейді, әр түрлі анадан, туған бірақ әкелері бір болып келетін жастардың бірін-бірі сүйіп шаңырақ көтеруі мүмкін ғой.

Қазақ жеті атасын білмеген жетесіз дейді. Жеті атаға дейінгі жерден қыз алмау қан тазалығы тек қазаққа бар. Ал бұл жастар жеті ата түгілі өз әкесін білмейді. Әкесінің ұлтын, тілін, дінін, аты-жөнін де білмейтіндер кімнен көмек сұрайды. Бұған заман кінәлі ма? Қоғам кінәлі ма? Болмаса ЭКО-ны ойлап тапқан адам

кінәлі ма? Бұл баршамызды ойландыратын қауіпті қорқынышты жағдай.

Бүгінгі XXI ғасырда адам да заман да өзгеруде. Жаһандану біздің тарихымызда арғы бабаларымыз ғұн тайпалары мен Шыңғыс хан дәуіріндегі Алтын орда хандары да жаһандану саясатын жүргізген. Айырмашалығы бүгінгі жаһанданудың түбі қиянатқа негізделсе, дамушы елдердегі халықтардың діни, мәдени ұстанымдарын құртуға бағытталса, ал әлемді билеген бабаларымыз: басқа елдерді жаулап алған менолардың мәдениетіне, салт-дәстүріндегі ерекшеліктеріне, діни наным-сенімдеріне еш қол сұқпаған. Яғни, халықты құртуды еш мақсат етпеген. Бүгінгі жаһанданудың қауіптілігі ол біздің ақыл-ойымызды, сана-сезімімізді жаулап алып, артында өзімізді басқаруға тырысады. Бұл баршаның бақыты, бұл әркімнің бақыты деп салтанатты жариялау жоспары түбінде әрбірадамды жалғыздыққа апаратын жол. Себебі жаһандану үрдісі етек алса атадан балаға беріліп келген ұлттық мәдениет, дәстүрлер жойылып, ағайындық қарым-қатынастар үзіледі.

Қазіргі қоғамда адамдар ақшаға, байлыққа қомарылып отыр. Сол үшін әр адамның бойындағы адамгершілік қасиет жоғалуда. Оның орнын ақша, нәсіпқұ-

марлық ойындары мен азғындық басуда. Абай «Жүректің көзі ашылса халыққа түсер сәулесі іштегі кірді қашырса, адамның хикметі кеудесі» деп елжірген.

Бүгінгі қоғамдағы жастардың қосылып ажырасуы бойынша ислам елдерінде Қазақстан көш бастап тұр. 2017 жылғы статистикалық көрсеткіш бойынша Түрікменстан - 1%, Тәжікстан - 2%, Өзбекстан - 6% болса, Қазақстанда 46% ажырасқан. Бұл 1-2 жылдағы заңды көрсеткіш. Ал заңсыз мешітке барып басқа да жолдармен қосылып ажырасқандар 50 пайыздан асады.

Қазақстанда 4 миллионға жуық әйел-қыздарымыз тұрмыс құрып ажырасқан. Ал, әр түрлі себептермен жалғызбастыға айналып пәтерден пәтерге қанғып жүрлер қаншама! Жауқазан қыздарымыз жұмыссыздықтан ақша табу үшін денесін саудалап, жезөкшілікпен әкесі белгісіз көрдемше сәбилерді өмірге әкеледі.

Жауқазан қыздарымызды қалталы азаматтар екінің, үшінші әйел ретінде жағдайын жасап, перзент тудырады. Бірақ заңды некеде болмағандықтан әкесі белгісіз «көрдемше» сәби аталады, одан басқа да жезөкшілік жолмен әкесі белгісіз көрдемше ауру сәбилер өмірде көбейіп жатыр. Мені алаңдататын және бір маңызды жағдай бүгінгі жаһандану заманына сәйкес ұл-қыздарымыз 35-40 жасқа дейін тұрмыс құрмайды.

Жер бетінде жел өшіргені аз ба, 40 жаста кемпір болған қыз аз ба, Жігерсіздің әркез өрісі тар болған, Жігіт аз ба 50 жаста шал болған – деген ойлар маза бермейді, себебі нашар жандардың 35 жастан өткен соң перзент көтеретін гормоны кеми бастайды. Нәтижесінде өмірден перзетсіз өтеді. Әртүрлі себептермен отбасы құрмаған жастардың өмірге, болашаққа деген үміті суып қартаю бастайды. Нәтижесінде ондай жастар жалғызбастыға айналып, үйреніп, бір бөлмелі төрт қабырғалы пәтерге тірілей таңылып ешкімге керек болмай өмірден қанша жандар арманмен өтіп жатыр. Бұл өте қиын жағдай!

Жоғарыдағы таусылып езіліп жазған ащы күрделі сұрағымның шешетін жолы бар ма деген сұрауға төмендегі жауапты ұсынамын:

Мұхаммедке (с.ғ.с) пайғамбарлыққа келместен бұрын араб елдерінде әйелдер қиын жағдайда өмір сүрген. Әйелдер көп қорланған, ер азаматтар оны қаласа айел қылады, керек болмаса сұраусыз өлтірген. Қыз бала дүниеге келсе әкесі тірілей қара



жерге көміп тастаған. Әйелдің еріне қарсыласуына құқығы болмаған, нашақорлық, жезөкшілік етек алған. Пайғамбарымыз Мұхаммедке (с.ғ.с) пайғамбарлық қонған күннен бастап бұндай жат қылықтардың тамырына балта шапқан. Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыз хадисінде «қоғам азарда достық жоғалады, әйел азарда махаббат жоғалады» дегені бүгін дәл келді. Жоғарыда жазғандарымды оқыған кейбір адам бұл қария әйел қыздарымыз туралы неге жаман пікірде деп ойлауы мүмкін. Олай емес. Бүгінгі дамыған заманда қазақтың әйел-қыздарынан ғалым, депутат, әкім, министр басқа да үкіметте басшылық қызметін адал атқарып жүргендер көптеп шығуда. Бәрі де өте сауатты. Бұл қуантарлық жағдай. Бұл түсінікті болу үшін:

Әртүрлі химиялық тазартудан өткеннен кейін асыл тастың алтыныға не болмаса басқа да бағалы бұйымдарға айналатыны сияқты, адам баласы да көп оқып, ғылымды, білімді игерген сайын бойында парасаттылық, имандылық, адамгершілік қасиеттері ұлғая бастайды.

Ал енді осы қасиеттері жоқ адамдар химиялық тазарту конкурсы кезінде өзінің жақсы қасиетін көрсете алмай ешкімге керек болмай қалады. Бүгінгі Қазақстан заңы алдында барлық адамдар тең дәрежеде қаралады. Ешбір адам өзінің білімін, ерекшеліктерін алға тартып, ережеден шыға алмайды.

Мысалы елге белгілі қазақтың мерейін асқақтатқан олимпиада чемпионы немесе әлемге белгілі ғылым академиктер қылмыс жасаса олар «мені ешкім кінәлі

алмайды» деп сот алдында айта алмайды, заңға бағынады.

Осыны білген адам ұлы жаратушының алдында оның берген ақыл-парасатына жүгініп мына дүниедегі асыл борышын өтеп, адами қасиетін сақтап қалады.

Асылды асыл деп асыра мақтағандық па?

Масылды масыл деу аяқ қаптағандық па? – десек бұл өмірде жақсы мен жаман еш уақытта тең болмайды. Жақсының аты жақсы!

Ақын, жазушы Қасымхан Бегманов «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» деген төрт томдық кітабын жарыққа шығарып, қазақтардың ежелден келе жатқан салт-дәстүрін қайта жанғыртқан еді. Енді осы кітаптарды оқып, көңіліне тоқитын жастар көп болса екен!

Қасымхан: Ғұламаларым, ғұламаларым Білмейтіндерімді сұрап аларым Ұрпақты ойлап оңашаларда Сезбейді ау ешкім жылап аларын – деп жазған тебірісінде бүгінгі азайып бара жатқан көнекөз, дана абыз қариялардың болашақ ұрпаққа деген қорқыныш, уайым ой сезімін көз алдымызға дәл келтірген.

Мен бүгін 85 жастағы екі ғасырда өмір сүрген қариямын. Аллаға шүкір ұл-қыз, немере-шөбере сүйген жанұямын. Жүректен жазылған алты кітабымды халқыма жарияладым. Менің жоғарыда айтқандарым қанша тазалығы сақталса екен, ұрпағымыз тузу жолдан таймаса екен деген алаңдаушылық.

ТАСМАҒАМБЕТ ОМАРҰЛЫ

